

2023-2024 оқу жылының жұмыс оқу жоспарына түсіндірме жазба.

Оқу жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылына МКҚК «№1 бөбекжайында» «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

«Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;

«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары);

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен

таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

**** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Бөбекжайда 01.09.2023 жылға 7 жас тобы жұмыс істейді.

Ерте жас тобы – 1;

Кіші топ – 1;

Ортаңғы топ – 2;

Ересектер тобы – 1

Мектепалды тобы – 2;

Жұмыс оқу жоспары
(2023-2024 оқу жылы)

№ р/с	*Ұйымдастыр ылған іс-әрекет	Жас топтары									
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)		кіші топ (2 жастан бастап)		орта жас тобы (3 жастан бастап)		ересек жас тобы (4жастан бастап)		мектепалды тобы/сыныбы (5 жастан бастап)	
		Апта лық саны	Жы лды қ саны	Аптал ық саны	Жылд ық саны	Аптал ық саны	Жылд ық саны	Апта лық саны	Жылд ық саны	Аптал ық саны	Жылд ық саны
1	Дене шынықтыру	3	108	3	108	3	108	3	108	3	108
	Дене шынықтыру**	күн сайын		күн сайын		күн сайын		күн сайын		Күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын		күн сайын		күн сайын		күн сайын		-	
	Сөйлеуді дамыту	-		-		-		-		2	72
	Көркем әдебиет	-		-		-		-		2	72
	Қазақ тілі	-		-		1	36	1	36	2	72
	Қазақ тілі ***	-		-		күн сайын		күн сайын		күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері	-		-		-		-		3	108
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс- әрекет	-		-		-		-		күн сайын	
4	Сенсорика	күн сайын		күн сайын		-		-		-	
5	Математика негіздері	-		-		күн сайын		күн сайын		3	108
	Танымдық іс- әрекет, зерттеу іс- әрекеті	-		-		-		-		күн сайын	
6	Қоршаған	күн сайын		күн сайын		күн сайын		күн сайын		2	72

	ортамен танысу										
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	-	-	-	-	-	-	күн сайын			
7	Сурет салу	-	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	1	36			
	Мүсіндеу	күн сайын									
	Жапсыру	-									
	Құрастыру	-									
8	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	-	-	-	-	-	күн сайын				
	Музыка	1	36	1	36	1	36	2	72	2	72
	Музыка ****	күн сайын		күн сайын		күн сайын		күн сайын		күн сайын	
9.	Барлығы							20	720		